Өндіріс шарттары табиғи және адам ресурстарын, капитал, физикалық, әкімшілік және ғылыми-техникалық инфрақұрылым ресурстарының сәтті сәйкестендірілуі есебінен туындейдьы. Бұл жағдайлар мамандану мен сапа факторларының негізі ретінде болады.



Cypet 1

Байланысқан және қосалқы салалар құрамдас бөлшектер мен технологиялық жабдықтар бағытында инновацияларды енгізуі қамтамасыз етеді, бұл оларды неғұрлым бәсекеге қабілетті етеді. Мысалы, тәменгі Манхэттеннің мультимедиялық кластері өзара байланысты салаларда қызмет ететін және бір-бірін қамтамасыз ететін баспасөз ісі, радио мен видео ақпарат сияқты фирмалардан тұрады. Кластердің бәсекеге қабілеттігі өсуі үшін талапшыл және ізденгіш жергілікті тұтынушылардың бар болуы маңызды, оның талаптары басқа нарықтардағы сұраныстан ерте туындейді және жаңа тауарларға глобальді сұраныс үшін «байқау тасы» болып табылады. Ромб ортасындағы өзара әрекеттесулердің «кресті» (сурет 2) жергілікті әкімшілік және институционалдық орталар тарапынан қолдау керетін оның барлық құраушыларының өзара қажеттілігін көрсетеді. Осы айтылған әкімшілік және институционалдық орталар кластерлер стратегиясы мен құрылымының дамуына сәйкес үзіліссіз жетіліп отырады және оның құрылымына түрлі мүмкін нысандағы инвестицияларды ынталандырады. Кластерлерде бәсекелестік пен кооперацияның күрделі комбинациясы қалыптасады. Олар әртурлі жазықтықтарда бола тұра бір-бірін толыктырып тұрады.



Cypet 2

Әлемдік нарықта кластерлер жүйе мен бәсекелестіктің бір агенті ретінде қатысады, бұл оларға тен жағдайда қатысуға және глобальді бәсекелестік тенденциясына төтеп беруге мүмкіндік береді. Корпоративті жолмен инновациялық саясат та жүзеге асырылады, бұл кезде трансакциялық шығындарды біршама төмендетуте жағдай туады.

Қазіргі кезде әлем жоғарғы каркынмен дамып келе жатқанда біздің «өзіміздің машинамызды» құрастыратын уақыт жоқ, ен үздік технологиялар, әдістерді ірікте алып, оларды біздің жағдайларымызға икемдеуіміз қажет. Өйткені бұкіл әлемдегі бизнес ұксас ережелермен дамуда, сонымен ен үздік брендтер, бизнес пен экономикалар қалай да болса кластерлік сатыдан өткен.

Дамушы елдердің үкіметтері экономиканы кластеризациялау феноменіне 1990-жылдардан бастап ерекше кеңіл бөлуде және ол өз кезегінде экономикалық саясаттың негізі болуда. Бұл үшін елдер мен аймактар деңгейінде кластерлер ісі бойынша акпараттық-талдау жұмыстарын жүргізетін, сонымен қатар сәйкес кластерлердің қажеттіліктерімен барлық деңгейлерде білім беру бағдарламаларын бақылайтын департаменттер (кеңестер, агенттіктер) құрылады.

Кластерлердің пайда болу себептері үлттық артыкшылықтардың себепшілерімен тікелей байланысты және олардың жүйелік сипаттының көрінісі болып табылады. Бір бәсекеге қабілетті сала өзара нығайтушы қатынастар процесінде екінші салалық бәсекеге қабілеттілігін жасауға көмектеседі. Мұндай сала көбінесе өзі тауарлар мен қызметтің аса талапшыл сатып алушысы болып келеді. Ондай саланың елде бар болуы жабдықтаушы саланың бәсекеге қабілеттілігін өсүін анықтаушы манызды факторлар болып табылады. Бәсекеге қабілетті жабдықтаушылар да елде бәсекеге қабілетті тұтынушы салалардың дамуына мүмкіндік тузызады. Олар екіншілерін технологиялармен қамтамасыз етеді, ортақ өндірістік факторлардың дамуын ынталандырады, жаңа өндірушілерді туындалады. Кластер қалыптасқан кезде оның құрамындағы барлық өндірістер бір-біріне өзара қолдау көрсете бастайды. Тиімділік, пайда баланстарының барлық бағыттары бойынша тарайды. Бір саладағы белсенді бәсекелестік кластердің басқа салаларына тарайды, соның арқасында қосылған құн тізбесін өсіре түседі.

Салалардың толып жатқан кластерлерінің болуы – ішкі бәсекелестер тобы бар жерде факторларды тудыру процесін тездедеді. Өзара байланысты салалар кластерінің барлық фирмалары маманданған, бірақ та біртекtes технологияларға, акпаратка, инфрақұрылымға, адам ресурстарына инвестициялар жасайды, бұл өз кезегінде жаңа фирмалардың жаппай пайда болуына әкеліп соғады. Кластер тұтас алғанда ірі капитал жұмсауға және мамандануға мүмкіндік тудырады.

Кластерлер кәсіпорындар мен салалардың өнімділігін мыналардың нәтижесінде жоғарлатады: технологиялар, жабдықтар, акпаратқа қол жеткізуі жақсартуы; бәсекелестіктің арқасында кластерлер ішінде неғұрлым тиімді мамандандыруды құруы; неғұрлым талапшыл тұтынушылардың пайда болуының нәтижесінде тауарлар мен қызметтер сапасын жақсартуы, т.б.

Кластерге ортақ технологиялық тізбекте байланысқан, яғни бір соғы өнімді жасауда қызмет ететін кәсіпорындар бірігуі тиіс. Жалпы алғанда, соғы өнімге қайсысы неғұрлым жақын болса, сол соғұрлым жоғары қосылған құнды алады және ол үшін соғұрлым тиімді болады. Алайда кластерлік жүйе тек қана соғы өнім иелеріне ғана емес, сонымен бұкіл кластер қатысушыларына тиімді болу үшін арналған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Спанкулова Л.С. Проблемы развития кластерной экономики промышленности на региональном уровне// АльПари. - 2004. - №2-3. - с.91-95.
2. Тұрсымбаева М.Ж. Экономиканың шикізаттық құрылымын өзгертуде кластердің рөлі // АльПари, 2005, №4, 43-45б.
3. Сарин К. Помогут ли нам кластеры?// Мир Евразии. - 2005. - №6. - с.28-31.

4. Афанасьев М., Мясникова Л. Мировая конкуренция и кластеризация экономики // Вопросы экономики. - 2005. - №4.- с.79-82.
5. Байзаков С., Райхан Н. Қазақстан экономикасын кластерлер көтереді // Ақиқат. - 2005. -№1. - 15-226.
6. Бельгибаева А. Кластер как инструмент повышения конкурентоспособности сельскохозяйственной продукции // Транзитная экономика. - 2006. - №4. - с.43-46.
7. Шалабекова А.Л. Применение кластеров в управлении экономикой // АльПари. - 2005. - №3. – с.55-58.
8. Темирбаев М. Успешные кластеры – пример общенационального согласия // Деловой мир. - 2005. -№1. – с.20-22.
9. Портер М. Конкуренция. – СПб.: Вильямс, 2002. – 495с.
10. Текенов У. А. Теоретические и практические аспекты формирования и развития кластерной системы в Казахстане// Казахстан-Спектр. -2006. -№1. – с.93-97.
11. Байзаков С., Калабаева А. О развитии экономической школы кластерного анализа в Казахстане// Экономика и статистика. - 2004. -№5. – с.11-18.

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

ӘОҚ 300.399

Е.Ш. Дүсіпов, С.А. Мухамадиева

I. Жансугиров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫң ЖЕР МОНИТОРИНГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Мониторинг земель представляет собой систему базовых (исходных), оперативных, периодических наблюдений за качественным и количественным состоянием земельного фонда, проводимых в целях своевременного выявления происходящих изменений, их оценки, прогноза дальнейшего развития и выработка рекомендаций по предупреждению и устранению последствий негативных процессов.

Land monitoring is a system of basic, operational, periodic observations of the qualitative and quantitative condition of the land fund, held for purposes of timely detection of these changes, evaluation and prediction of further development and making recommendation for the prevention and elimination of consequences of negative processes.

Мемлекеттік жер кадастрын жүргізу үшін жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғауды, алынатын өнімдердің және тұрғындардың өмір суруінің экологиялық қауіпсіздігін жоспарлау мен басқару саласындағы бірқатар проблемаларды шешу үшін мемлекеттік басқару органдарында, жер иелері мен пайдаланушыларда жерлер жағдайы туралы, оларда болып жатқан өзгерістер туралы, олардың әрі қарай дамуын болжау туралы толық және жанжакты ақпараттар болуы қажет, басқаша айтканда, нарықтық экономика талаптарын қанағаттандыратын жер мониторингі болуы керек.

Жер мониторингінің мазмұнын топырақ, агрохимиялық және геоботаникалық зерттеулер, стационарлық пункттердегі жүйелі түрдегі бакылаулар (стационарлық және жартылай стационарлық экологиялық аландар, полигондар, кескіндер), сыйықтық және көлемдік түсірістер, іздестірулер басқа да материалдар құрайды.

Сонымен катар, облыс жерінің басым белгі сапалы жоспарлы-картографиялық, топырақ және басқа да зерттеу материалдарымен, мониторинг мәліметтерімен қамтамасыз етілмеген.

Осы проблеманы жер үсті әдістерімен және осы жұмыстарды жүргізудің ескірген технологиялары бойынша шешу мүмкін болмай отыр.

Табиғат қорғау іс-шаралары кешенінде жерді ұтымды пайдалану, жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу, жер ресурстарын қорғауды қамтамасыз ету, мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізу; жер мониторингі желісін дамыту және оның деректері негізінде келенсіз процестерді жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу; жерді ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру кезінде ландшафттық-экологиялық тұрғыдағы тәсілдерді іске асыру; жер ресурстарын басқару мен жер қатынастарын реттеу саласындағы ғылыми-әдістемелік құжаттармен қамтамасыз етуді қажет етуде.

Жерге орналастыру – мемлекеттің жер саясатын іске асырудың, жер қатынастарын реттеуге, жерді тиімді пайдалану мен қорғауды ұйымдастыруға арналған жер заңдарының сакталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар жүйесінің маңызды құралы болып саналады. Қазіргі кезде және алдағы жылдарда жерге орналастыруда “Қазақстан Республикасының “Жер туралы” Заңын іске асыру жөніндегі шаралар жоспарында” белгіленген едәуір көлемді жұмыстарды орындау міндеті тұр.

Осыған байланысты койылған міндеттердің айрықша маңыздылары келесідей: жер қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу; жерге орналастырудың және жерді аймақтарға белудің республикалық облыстық және аймақтық схемаларын (жобаларын) әзірлеу; мемлекеттік жер кадастрын жетілдіру, оны автоматтандырылған режимде құру және жүргізу; жерді тиімді пайдалану; топырак құнарлылығын сактау мен жетілдіру, жер мониторингін енгізу, жер ресурстарын қорғау жөніндегі Мемлекеттік Бағдарламаны әзірлеу; зерттеу және іздестіру жұмыстарын жүргізу; жерді бағалау жұмыстарын жүргізу; егістік жерді есепке алуды жүргізу және өзге де шаралар.

Республика аумағында жер мониторингін жүргізу үшін 732 стационарлық бақылау пункттері бар, олар республиканың барлық табиги - ауыл шаруашылық аймақтарында орналастырылған. Жер мониторингін жүргізу нәтижесінде белгілі болып отырғандай, шелейттену процестерімен Қазақстан аумағының 70 пайызы әр түрлі мөлшерлерде ұшырап отыр, ал жел және су эрозиясына ұшырап отырған жалпы жер көлемі 30 миллион гектар, оның ішінде егістік жерлер 1,6 миллион гектар.

Бұл ретте барлық егістік жерлердің (23,5 миллион гектар) сипаттамасына келетін болсақ, 15,8 миллион гектардың сапасы жақсы; 3,9 миллион гектар тұзды және сортан жерлер; жел және су эрозиясына бейім жерлер 1,6 миллион гектар; 1,3 миллион гектар қырышық тастақталған және 0,4 миллион гектар шамадан тыс ылғалданған жерлер болып отыр. Сондыктan да мемлекет алдында жер қатынастары саласында келешекте тұрған үлкен міндеттер қатарына ауыл шаруашылық жерлерінің қорғау мен тиімді пайдалану міндеттемелері тұр деп те айтуда болады.

Елбасы ағымдағы жылғы “Жаңа онжылдық – жана экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” атты Қазақстан халқына Жолдауында, алдағы онжылдықта ел дамуына бағытталған жаңа міндеттерді айқындаپ берді. Онда ел экономикасының дамуы мен оның бәсекелестікке қабілеттілігін арттырудың негізгі табыс кілті – ұлттық экономиканы әртараптандырута баса назар аударылды. Жолдауда әртараптандырудың басты бір сегменті ретінде агроенеркесіптік кешенді дамытудың негізгі үш бағыты атап көрсетілді, яғни оның біріншісі – 2014 жылға аталған салада өнімділікті кем дегенде екі есе арттыру, екіншісі – елдің азық-тұлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ушіншісі – экспорттың өлеуетті іске асыру.

Аталмыш міндеттерді іске асырудағы аграрлық-индустриялық әртараптандыру арқылы ауылшаруашылық шикізатын кайта өндеді шұғыл арттыру, жаңа құрал-жабдықтар мен жаңа технологияларды енгізу, ауыл шаруашылығында заман талабына сәйкес, сапалы өнім өндіруге жаңа көзқарасты қалыптастыру, сонымен қатар әлемдік тәжірибелі кеңінен пайдалану – бүтінде еліміз өздігінен шеше алатын істер. Бұл ретте, әрине, ауыл

шаруашылығында негізгі өндіріс құралы болып саналатын жер ресурстарын тиімді пайдалану, аталған міндеттерді іске асыруда аса манызды рөл аткаратыны белгілі.

Ашық нарықтық экономика жағдайында және әлемдік азық-түлік рыногында орын алғып отырған үлкен бәсекелестікте ауыл шаруашылығы өндірісінде жетістіктерге жету үшін де жерді тиімді пайдалану басты шарт болып табылады.

Қазіргі кезде республикамыздағы ауыл шаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлердің жалпы көлемі 91,7 млн. га, оның ішінде егістік жерлер – 22,5 млн. га. Бұл ретте, егістік жерлердің 70 пайызы Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында шоғырланған. Сонымен қатар, республика бойынша 2,1 млн. га суармалы жер бар, оның ішінде 1,4 млн. гектары егістік жер және ол негізінен (80%) Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында орналасқан.

Дегенмен, суармалы жерлердің 37%-ы пайдаланылмаған, оның басты себептері, көп жылдардан бері суару жүйелерінің техникалық тәмен жабдықталуы, су тарту мен су бөлу жүйелерінің ескіруі және алаптардың қайта сорлануы топырақ сапасын нашарлатып, аталған жерлерді тиімді пайдалануға көрі әсерін тигізуде.

Елімізде, ТМД елдері мен басқа да шет мемлекеттердің заннамаларына сәйкес, жер мониторингіне сәйкес жерлерін тиімді пайдалану қатысты мәселелер негізінен екі бағытта жүргізіледі.

Біріншісі, мемлекет тарапынан жерді тиімді пайдалануға қатысты жүргізілетін іс-қимылдар. Оларды мақсатына қарай үш бөлікке бөлуге болады. Олардың алғашқысы жерді тиімді пайдалануға байланысты заннамаларды жетілдіру. Қолданыстағы Жер кодексіне сәйкес (92-бап), екі жыл пайдаланбаған жер участекері, жерді бақылау инспекциялары тарпынан жазбаша ескерту берілген соң, жер участекесі тағы да бір жыл пайдаланылмаған жағдайда, сот тәртібінде жер участекесі оның иесінен мәжбүрлеп алынады.

Ал ауылшаруашылық жерлері оларды пайдалануда жер құнарлылығының едәуір тәмендеуіне соғатын болса (93-бап), жер инспекциясының, талап арыз беруден үш ай бұрын, заң бұзылуын жою туралы жазбаша ескертуден кейін ғана және осы мерзімде жер иесі зандардың бұзылуын жоймаған жағдайда сот тәртібімен жер участекесі мәжбүрлеп алынуы мүмкін. Жерді пайдаланбауына байланысты жер участекесін алу механизмі өте күрделі және сот процедурасын қоспағанның өзінде, жерді пайдаланбау мерзімі үш жылға дейін созылады. Бұдан басқа жер құнарлылығының тәмендеуіне байланысты оларды алып қою тетігі жер құнарлылығының тәмендеуінің көрсеткіштері заннамалармен белгіленбеуіне байланысты бүтінгі күні аталған заң бұзушылық бойынша шара қолдану мүмкін емес. Осыған байланысты Жер кодексіне тиісті ұсыныстар әзірленіп, қазіргі кезде олар Парламент Мәжілісінің қаруына енгізілді. Бұл ретте, жерді пайдаланбағаны үшін оларды алып қою тетігін жетілдіру және ауылшаруашылық жерлерінің ұзак мерзімге айналымнан шығып қалуының алдын алу мақсатында, кодексте белгіленген екі жыл пайдаланбау мерзімі 5 жыл кезеңдегі екі жыл пайдаланбаған мерзімнен тұратын болады.

Сонымен қатар, жер құнарлылығын тәмендетүте байланысты көрсеткіштер Үкімет бекітетін жерді тиімді пайдаланудың тәртібі құрамында белгіленетін болады. Жер құнарлылығы көрсеткіштерін анықтау және оларға мониторинг жүргізу мақсатында “Республикалық агротехнологиялық кызметінің ғылыми методикалық орталығы” мемлекеттік мекемесі Жер ресурстарын басқару агенттігі құрамына берілді.

Келесі шара – ауыл шаруашылығына субсидиялар беруді жүйелендіру. Аталған мәселе бойынша мемлекет саясатының мәні, ол ауыл шаруашылық субъектілеріне берілетін субсидияларды озық технологиялар мен сапалы ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін және жер ресурстарын тиімді пайдаланатын субъектілерге басымдылық ретінде беруді жүйелендіру болып табылады.

Соңғысы – жер пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау. Мемлекеттің басты екімшілік функцияларына жататын мемлекеттік бақылаудың негізгі мақсаты жер пайдалануда зандастықтардың сақталуын бақылау болып табылады. Аталған функцияны

өңіраалық жер инспекциялары атқарады. Былтырғы жылдың қорытындысы бойынша, жер инспекциялары көлемі 1,3 млн. га жерде 9 мыннан аса пайдаланылмайтын жер участекелерін анықтады. Сонымен катар, көлемі 2,04 млн. га болатын 3,4 мың жер участекелері иесіз участекелер ретінде есепке қойылды.

Жерлерді тиімді пайдалану бойынша мемлекет тарапынан жүргізілетін іс-шаралардың келесі бір бағыты, ол жер иелерінің өздері бастамашы болатын іс-кимылдар.

Еліміздің заман талабына сай нарықтық экономикаға көшуіне байланысты, республикамыздағы ауылшаруашылық мақсаттағы жерлері негізінен мемлекеттік емес субъектілердің иелігіне көшкені аян. Осы себепті, ауылшаруашылық жерлерінің 98 пайзынан астамы 207 мың шаруа қожалыктары және 7,1 мың шаруашылық серіктестіктер, акционерлік қоғамдар мен ауылшаруашылық кооперативтерінің иелігінде. Сондыктан да, өз иеліктеріндегі жерлерді тиімді пайдалану мен оларды қорғау аталған субъектілердің басты мұддесі мен міндеті. Бұдан басқа, жерлерді тиімді пайдалану арқылы, осы салада еңбек өнімділігін арттырудың келесі бір бағыты – жерді пайдаланудың ғылыми негізделген жерге орналастыру жобаларын жасау. Жоба аясында жерді сапасы мен мақсатына орай орналастыру шаралары, ауыспалы егістерді қолдануды ұйымдастыру, жерді жел және су әрозиясынан қорғауға және топырақ құнарлылығын арттыруға негізделген жерді өндеудің технологиялық карталарын жасау, рынок сұранысына орай, жергілікті жерге бейімделген дақылдарының құрамын анықтау, тағы да басқа осы айтылған мәселеге катысты кешенді жұмыстарды жүргізу. Осы себепті бұл шараларды жүргізу жер иелерінің олардың мұдделерімен катар осы саладағы мемлекет саясатымен ұштасатын іс-шаралар десек қателеспейміз.

Жасалынатын жұмыстарды қорытындылай келіп келесідей ұсыныстар жасауға болады: басқа да табиғат қорғау іс-шаралары кешенінде жерді ұтымды пайдалану; жерге орналастыру жұмыстарын жүргізу; жер ресурстарын қорғауды қамтамасыз ету; мемлекеттік жер кадастры мен жер мониторингін жүргізу; жер мониторингі желісін дамыту және оның деректері негізінде келенсіз процестерді жою жөнінде ұсыныстар әзірлеу; жерді ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларды әзірлеу мен жүзеге асыру кезінде ландшафтық-экологиялық тұрғыдағы тәсілдерді іске асыру; жер ресурстарын басқару мен жер катынастарын реттеу саласында ғылыми-әдістемелік құжаттармен қамтамасыз ету.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Алматы» энциклопедиясы «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, Алматы, 1996.
2. Қазақстан Республикасының «Жер Кодексі». – Астана 2003.
3. Қазақстан Республикасының жер катынастарын реттеу жөніндегі нормативтік актілердің жинағы. – Астана: 2003.

ӘОҚ 349.4(574)

М.Ә. Елікбай

M. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА КЕЛТІРГЕН ЗИЯНДЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САҚТАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ӨТЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Статья посвящена правовой проблеме экологического страхования. Автором подробно анализируются виды экологического страхования, способы возмещения причиненного вреда (ущерба) нанесенного экологическими загрязнениями. Также отмечается, что наиболее действенным средством воздействия при возмещении вреда (ущерба) за экологические загрязнения выступает экологическое страхование. В то же время автор предлагает расширить понятие экологического страхования.

The article deals with the problem of ecological insurance. The author thoroughly analyzes the kinds of ecological insurance, the ways of compensation causing harms of ecological pollution. Also underlines, the most means in compensation harms for ecological pollution leads ecological insurance. At the same time proposes to widen the notion of ecological insurance.

Дамыған елдерде экологиялық сақтандыру – экологиялық зиянды өтеудің ең тиімді тәсілі болып табылады. Оның басты мақсаты – төлем қабілеті жоқ борышкерге талап қойып отырған адамдарды қорғауды қамтамасыз ету.

Еліміз тұракты даму жолымен индустралды-инновациялық жобаларды іске асыру мәселесін көңіл аударуда, осы тұста индустріаландыру жағдайында өнеркәсіп орындарындағы экологиялық қауіпсіздік ережелері орындалуын талап етеді. Экологиялық қауіпсіздікті басқару жүйесінде коршаған органды ластағаны және азаматтардың денсаулығы үшін жауапкершілікті сақтандыру әлеуметтік-экономикалық, өтем және привинтивтік міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған.

Экологиялық сақтандырудың әлеуметтік-экономикалық міндеті оның коршаған органды қорғаудың экономикалық механизмінің ажырамас элементі, азаматтардың коршаған қолайлары ортаға және денсаулығына келтірілген зиянды өтеудің кепілі болып табылатынында. Экологиялық сақтандырудың привинтивтік міндеті мынадай факторлармен анықталады:

Біріншіден, сақтандырушы қаупті объектінің қауіпсіздігі жағдайын тексеруге құқылы.

Екіншіден, сақтандырушы сақтандыру жағдайының туындауы сәл ықтимал болған жағдайда сақтандыру төлемдерінің ставкаларын төмендетіп немесе көтеріңкі қауіп пайда болған кезде көтеріп (занда белгіленген мөлшерден асырмай), сақтандыру ставкаларымен әрекет жасай алады.

Үшіншіден, сақтандырушы, егер сол сақтандырушыда сақтандыру жағдайының туындауы мүмкіндігі өте жоғары болса, шарт бекітуден бас тартуға құқылы (бұл экологиялық жауапкершілікті занға сәйкес сақтандыруға міндетті кәсіпорын үшін, экологиялық қауіп деңгейін азайту шараларын жүргізу үшін қосымша ынталандырады).

Төртіншіден, сақтандырушы сақтандыру шартында қаупті ықтимал объектінің апатсыз жұмыс істеуі үшін экономикалық ынталандыру шараларын: телеген сақтандыру қаржыларының бөлігін қайтаруды немесе олардың ставкасын сол сақтанушы үшін төмендетуді көздеуге құқылы [1].

Сонымен, экологиялық сақтандыру сақтандырушы мен сақтанушыны экологиялық апаттардың қаупін азайтуға мүдделі қылады.

Экологиялық сақтандырудың превентивтік міндеті өсіресе Германияда жақсы байқалады: ол жердің іскер әріптестері экологиялық қауіпті сақтандырмаған кәсіпорындармен ынтымактастық жасамайды.

Экологиялық сақтандырудың өтемдік міндеті экологиялық зиянды толық өтеу принципін қамтамасыз етуді және жүзеге асыруды көздейді. Сонымен бірге, экологиялық зиянды сақтандыру төлемдері арқылы өтеу экологиялық зиянды өтеудің езге де механизмдерімен (экологиялық жәрдемақыларды әкімшілік тәртіpte төлеу, зиянды өтеу туралы талап арыздар беру, әлеуметтік қорғау және т.б.) тығыз байланыста.

Экологиялық сақтандарудың нормативтік базасы жалпы азаматтық зандардан, сондай-ақ экологиялық жауапкершілік және сақтандыру туралы арнайы зандардан тұрады.

Зан әдебиетінде сақтандырудың ерекше түрі ретінде экологиялық сақтандыруды құқықтық реттеу жеке зандармен немесе басында заны бар нормативтік құқықтық актілер тобымен реттелуі тиіс деген пікір айтылып жүр [2]. Алайда қазақстандық зан шығарушылар экологиялық сақтандыруды ерекшеліктеріне коршаған органды қорғау туралы басты занды берілген бір ғана бап арнап отыр:

Сонымен, коршаған органды туралы заңнама міндетті экологиялық сақтандыруға жататын объектілердің жалпы шенберін анықтап, экологиялық сақтандырудың міндетті және ерікті

нысандарын белгілейді.

Экологиялық сактандыру сактандырудың ерекше түрі болып саналатынын ескерсек, КР Азаматтық Кодексіндегі сактандыру туралы жалпы ережелер экологиялық сактандыруға да қолданылады.

КР АК-де сактандырудың негізгі түрлері: жеке және муліктік сактандыру белгіленген (805-бап).

Азаматтардың өмірі мен денсаулығы еркін сактандырылған кезде сактандырушы сактандыру оқиғасы әсер еткен жағдайда (экологиялық апат аумағында болу және т.б.) оған сактандыру өтімін толық не оның бөлігін телеуге міндеттенеді. Денсаулыққа келтірілген экологиялық зиянды өз еркімен жеке сактандыру азаматтардың өз бастамасымен және өздерінің есебінен жүзеге асырылатын болғандықтан, сактандырудың осы түрінің экологиялық бағыты не заңда, не іс жүзінде жеке алынбайды.

Сондықтан, экологиялық сактандырудың жеке түрлерінің ішінен жеке міндетті сактандыру түрі – зиянды экологиялық әсер алатын азаматтардың мұддесін қорғау түрғысынан алғанда, неғұрлым ұтымды болып табылады, себебі ол акысыз сактандыру.

Әдетте кәсібі көтерінкі қауіппен байланысты қызметкерлерді жеке міндетті сактандыру жұмыс беруші есебінен жүргізілді. Айталық, қоршаған органы қорғау туралы заңнамаға экологиялық сипаттағы қауіптен қызметкерлерді міндетті түрде сактандыру мәселелерін реттейтін жеке нормалар енгізілген. Мысалы, “Атом қуатын пайдалану туралы” КР Занында қызметі атом қуатын пайдаланумен байланысты ұйымдарға өз есебінен қызметкерлері мен іссапарға келген адамдарды радиациялық әсер қаупінен сактандыру міндеті жүктелген (18-бап).

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі қабылданғалы бұл ереже барлық жұмыс берушілерге қолданылады, себебі олардың барлығына қызметкерлер еңбек міндеттерін орындаған кезде оларды денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін жауапкершілікті сактандыру міндеті жүктеледі (8-бап).

Кейбір ғалымдар міндетті жеке экологиялық сактандырудың дамуы барысында өзге де болашағы бар бағыттар туралы айтады. М.И.Васильеваның ойынша, халық денсаулығына келтіріп жатқан зиянды әсерінің сипаты мен механизмі нақты анықталған, қоршаған органы ластайтын кәсіпорындар есебінен тиісті халық құрамына міндетті жеке сактандыру енгізуі ұсынады [3].

Муліктік экологиялық сактандыру шенберінде мынадай сактандыру түрлерін бөлуте болады:

1) кәсіпорындардың - апарттық (окыс және әдейі жасалмаған) ластау нәтижесінде үшінші тараптардың өміріне, денсаулығы мен мұлқіне және қоршаған ортаға келтірілген зиян жоғары қауіп көздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру (КР АК-нің 811-бабы);

2) табиғи обьектілерді олардың менишік иелерінің немесе өзге де титулды иелерінің сактандыру (КР АК-нің 809-бабының 3-бөлігі).

Сонымен бірге, қоршаған органы қорғаудың экономикалық әдістерінің дамуы үшін үшінші тараптардың өміріне, денсаулығы мен мұлқіне және қоршаған ортаға экологиялық апат нәтижесінде келтірілген зиян үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сактандырудың маңызы зор.

Жоғарыда айтылғандай, шаруашылық және өзге қызметтің экологиялық қауіп түрлерімен айналысадын заңды тұлғалар мен азаматтар міндеті экологиялық сактандыруға жатады. Экологиялық зиянды қызмет түрлерінің тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітуі керек. Алайда, заңда өндірістік обьектілер жоғары қауіп көздеріне жатқызу үшін нақты өлшемдер көрсетілмегендіктен, ал олар тізімі әлі күнге дейін бекітілмегендіктен бұл құқықтық норманың реттеуіші маңызы айтарлықтай емес. “Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы” КР Занының 18-бабында берілген ұйымдар мен

азаматтардың төтенше жағдайлар қаупімен байланысты қызметі міндепті сақтандыруға жатады деген ережесі екішты жазылған.

Қазакстан Республикасының Экологиялық кодексінің 1-бабының 1- тармағының 57-тармакшасында «Экологиялық қаупісіздік – жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мұдделері мен құқықтарының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсер ету нәтижелерінде туындайтын катерлерден қорғалуының жай-күй» деп қарастырылған [4, 6 б.].

Сонымен қатар, теңізде барлау және аулау жұмыстарын жүргізетін мердігерлерге мұліктік қаупі пен жауапкершілік қаупін сақтандыру міндепті жүктеледі. Бұл орайда сақтандыру төмендегі шығындарды жабуды қамтамасыз етуге тиіс:

- ұнғымаларды бакылауға алу жөніндегі шығындар;
- ұнғымалар бакылаудан шыққан жағдайда, қайта бұрғылау операциялары жөніндегі шығындар;
- теңіз ластанған жағдайда оны тазалау және шоғырау жөніндегі шығындар;
- теңіздегі апат оқиғаларын жою үшін арнайы компаниялар тарту жөніндегі шығындар.

Қызметі қаупіті өндіріспен байланысты өндірістік объектінің қаупісіздігін мәлімдеу қаупісіздік шараларының сақталуын кадағалауды қамтамасыз ету, сол объектілердегі төтенше оқиғалардың алдын алу және жою жөніндегі шаралардың жеткіліктілігін және тиімділігін бағалау мақсатында жүзеге асырылады. Декларацияда технологиялық процесстердің негізгі сиаптамасы мен ерекшеліктері, оның ішінде қаупі көздері туралы анықтама, ықтимал төтенше жағдайлардың пайда болуы мүмкін салдарының бағасы, халықты және жергілікті атқару органын обьектіде туындауы мүмкін және туындаған төтенше жағдайлар және өзге мәліметтер туралы хабарландыру тәртібі қамтылуға тиіс.

Бұл Үкімет қаулысының мәнісі мынада: ол ықтимал қаупіті өнеркәсіптік объектілер басшыларын экологиялық зиян үшін жауапкершілікті сақтандыруға мәжбүр етеді.

Сондыктан, бүтінгі таңда азаматтардың денсаулығы мен қоршаған ортаға экологиялық апартар нәтижесіне келтірілген зиян үшін кәсіпорындардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндепті экологиялық сақтандыру институты құқықтық тұрғыдан толық рәсімделмеген деп айтуда болады.

Экологиялық сақтандырудың занды механизмін қалыптастыру үшін бірқатар тәжірибелі маңызы бар теориялық мәселелерді шешу қажет: экологиялық сақтандыру деген не, сақтанушылар жауапкершілігінің көлемі, экологиялық қаупі ұғымы және т.б.

Әдебиетте экологиялық сақтандырудың әртүрлі анықтамалары кездеседі. Айталақ, кейбір ғалымдар экологиялық сақтандыру деп ықтимал қаупіті объектідегі экологиялық немесе табиғи нәубет, апат салдарынан үшінші адамдарға экологиялық зиян келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды түсіндіреді [5]. Зан әдебиеттерінде енді біреулері экологиялық сақтандыру ұғымына сақтандыру оқиғасының пайда болуына байланысты сақтандырушида туындайтын оның өзінің шығындарын кіргізеді. Үшіншілері анықтаушы белгі ретінде табиғат обьектілерін сақтандыру арқылы қорғаудың обьектілерді деп табуда.

Біз экологиялық сақтандыру ұғымын көңейтіп, оны экологиялық зиянды неғұрлым толық өтеу мәселесін шешудегі сақтандыру жүйесінің мүмкіндіктерін қолдану ретінде қарастыратын авторларды қолдаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Моткин Г.А. Экономико-правовые основы страхования риска загрязнения окружающей среды //Государство и право, 1994. 6 с.
2. Бажайкин А.Л. Экологическое страхование: теория и практика //Законодательство, 2000. - с. 34.
3. Васильева М.И. Судебная защита экологических прав. - М., 1996. – С. 4.

4. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі – Алматы. ЮРИСТ. 2009. - 164 б.

5. Коидавлетов К.К. Правовые основы экологической безопасности Республики Казахстан: Автореф. дис. канд. - Алматы, 2000. - С.10.

ФИЛОЛОГИЯ

ӘОҚ 385

Ш.Ә. Қыяхметова, Н. Малаева

I.Жансугиров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы

СОДЫРЛЫ СЫНДАР СОЙҚАНЫ

В статье рассматривается ранняя стадия изучения творчества Ильяса Жансугурова.

The article is I.Zansugurov's actioities first period reslareh.

Ғасыр мен ғасыр, қоғам мен қоғам алмасқан күрделі кезенде өмір сүрген ұлы ақын, жазушы, фольклорист, публицист, драматург, аудармашы, Жетісу тарихын зерттеуші, қоғам қайраткері I.Жансүгіровтің шығармашылығы жөнінде 1928-1938 жылдар аралығында 60-қа жуық сын макалалар «Еңбекші қазақ», «Қазақ әдебиеті», «Социалды Қазақстан», «Лениншіл жас» газеттерінде, «Әдебиет майданы» журналында және кейбір облыстық газеттерде жарық көрген.

Сәбит Мұқановтың Ілиястың 1928 жылы шықкан «Сағанақ» жинағына айтқан беташары - қаламгер шығармалары жайындағы алғашқы сын - пікір болды. Беташарда Ілиястың қара шаруа ақыны екендігі, кедейге бетін азырақ бүратаңдығы, бірақ «ел» деген сөзді көп қолданатындығы, мұндай пікірдің кате екендігі, бірақ Ілияс кей жерінде жалышылар туралы, аз да болса айтатындықтан, одан үміт күтүте болатындығы жазылған.

1929 жылы Қызылордада сыншы Фаббас Тоғжановтың жиырмасының жылдан бергі казақ әдебиетіндегі табыстарды корытындылап, жеке ақын-жазушылардың шығармашылығына талдау жасауды алдына мақсат етіп қойған «Әдебиет және сын мәселелері» деген көлемді кітабы шықты. Ол бұл енбегінде Ілиястың 1926 жылға дейінгі шығармашылығына ұлтшылдық айдарын тағады. «Ілиястың 1926 жылға дейін жазып келген өлең, әңгімелерінің көбінде халықшылдық, ұсақ байшылдық, ұлтшылдық әсерін табасың», - деп, тұжырым жасайды. «Майдан» өлеңінен ұлтшылдықты көрсе, «Ауылдың алды», «Көктемде», «Әнші» өлеңдерінде идеялышылдық, халықшылдықтың әсері бар», - дейді. «Қосаяқ», «Толғай» атты өлеңдерін идеялышылдық жағынан жат шығармалар етіп көрсетеді. Біздіңше, бұл өлеңдер - идеялышылдық, көркемдік дәрежесі жоғары, поэзияға тұр, мазмұн жағынан жаналық әкелген, сол кездегі саяси-әлеуметтік мәселелер төнірегінде келепі пікір қозғаған шығармалар.

Әйтіке Мусин «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылдың 17 сәуірдегі санында жариялаған «Қөркем әдебиет мәселесіндегі айтыстар туралы» мақаласында Фаббастың «Сәкен, Бейімбет, Сәбит пролетариат жазушылары деген атты алушы көтермейді, бұлар төнкөрісшіл жазушылар» деп айтқанын қолдайтынын білдіре отырып, кейбір сыншының оларды пролетариат жазушылары ретінде танитынымен келіспейді.

Жакан Сыздықұлы «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылдың 24 сәуірдегі санында шықкан «Ақын-жазушыларымыз туралы» атты мақаласында: «Осы күнге дейін әдебиет тарихын алсақ, әрбір жазушы, ақынға бас-басына сын берілгенін көреміз. Олардың жазғандарын, өлеңдерін, поэмаларын тұтасынан алып, тегісінен сынағандарын көреміз. Бізде әлі бұл болған жоқ. Бейімбет, Сәкен, Сәбит, Ілиястар бірсынырадан қаламын қолға алып жазып келеді. Ғабит, Аскар каламын қолға алғалы едәуір болып калды. Бұлардың бір де біріне

әлі тиіскеніміз жок, сынағамыз жок, тәрбиелегеміз жоқ», - деп, әдеби сынға көнілі толмай жүргендігін жазады.

Өзара сынның беталысы күшейді. Әдебиетте жікке бөлу пайда болды. Ақын-жазушылар бір-бірін сынау үшін өз араларынан қолдан жасаған «жікшілдікті» іздей бастайды. Илияс «Еңбекші қазак» газетінің 1930 жылдың 17 ақпандары санына «Жікке жол жоқ» деген көлемді мақаласын жазып, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ә. Байділдинді катты сынға алады. Осыдан кейін-ақ F. Мұсірепов «Әдебиеттегі жікшілдікке қарсы», С. Мұқанов «Жікке қарсы жік», Ә. Мұсағұлы «Жікшілдіктің тубі жолбикелік», Ә. Тәжібаев «Әдебиеттегі ауа жайылуышылтарға қарсы», F. Тоғжанов «Жолдастық хат», деген мақалалар жазып, әдеби айтысты жандандыра түседі. Таңқ Илиясқа да тиіп жатты. Бұл жылдардағы әдеби сынның идеялық әлсіздігі, теориялық дәрежесінің төмендігі әдеби құбылысқа түрпайы социологиялық түрғыдан қарап, теріс қорытынды шығаруға әкеліп соққан.

«Еңбекші қазак» газетінің 1930 жылғы 2 қарашадағы санына Әбділда Тәжібаевтың «Илияс туралы бір-екі сөз» және М. Қайыпназарұлы, Қалымбекұлының «Илияс жолбике емес» деген мақаласы шықкан. Ә. Тәжібаев «Илияс жолдас туралы жазу, өткен күндегі беттерін жүртқа көрсесту, қазіргі кателіктерін әл келгенше айту – кәмунистік міндеп», - деп мақаласын бастайды да, оның өлеңдерінен байшылдық, ұлтшылдық іздейді. Илиястың «Ызалы қиял», «Ақынға», «Кек өгіз» өлеңдерін талдап, оны жолбике ақындардың катарына қосады. Ғаббас Тоғжанов «Әдебиет және сын мәселелері» деген кітабында Илиясты жолбикердің катарына қосу керек еді, Илиястың өткен өткелектерін окушыларға тізіп бергенде тарихқа да қиянат қылмаған болар еді», - деп келіп, С. Мұқановтың «Сағанакқа» жазған алғы сөзіндегі Илияс жайлы сынды қолдайтындығын айтады. Сол кезде сынға көп ұшыраған «Ызалы қиял», «Қиял өмір», «Өмір-көмір» сияқты өлеңдері ақынның кей шактардағы көніл күйіне және кейбір асыра сілтеуашліктің жеке фактілеріне байланысты туған.

М. Қайыпназарұлы, Қалымбекұлы «Илияс жолбике емес» деген мақалаларында: «Әбділда жоғарғы мақаласында Илиясты жолбике деп отыр. Илиясты жолбике деп танысада, Илиясты ҚазАПП үйымина басшы қылуға жарамайды. Илиястың дәл қазіргі күндері жолбике болып және пролетариат жазушылар үйымина мүше болуы бір-біріне жанаспайтын нәрсе. Біздінше, Илияс жолдасты қазіргі күнде жолбике деп тануга болмайды», - дейді. «Ал ұшамын аспанға», «Ақынға», «Кек өгіз» өлеңдерін сынайды. Толық пролетариат жазушысы, кателері жоқ деп біз де айта алмаймыз. Әбділда айтқандай жолбике деп тағы айта алмаймыз. Илияс Қазақстан пролетариат жазушылар үйиминың мүшесі. Мүшесі болуға жарайды деп ойлаймыз», - деп сөзін қорытындылайды.

Ғаббас Тоғжанов «Жолдастық хат» мақаласында: («Еңбекші қазак» газеті, 20 қазан 1930ж.) «Әбділда жолдас, Илиясты жолбике катарына қосуға бола ма? Әрине, болмайды. Жолбике болса, ҚазАПП үйимина мүше қып алуға бола ма? Әрине, болмайды. Рас, әлде де болса Илиястың кемшіліктері мол. Толық пролетариат жазушысы, кателері жоқ деп біз де айта алмаймыз. Әбділда айтқандай «жолбике» деп тағы айта алмаймыз», - деп өз ойын білдіреді.

Міне, осылайша қаламгерлер бір-бірінің шығармаларынан жат ниет іздел, сынның сойылын соға берді. Мұндан кызу талас-тартыс казақ зиялышарының екінші рет қамаута алынуына әкеп соктырды. 1930 жылғы кыркүйек-қазан айларында 40 шакты адам тұтқындалады. Бірақ бұл жолғы қудалаудан да I. Жансугиров аман қалады.

Илияс шығармашылығының 1930-жылдың бас кезіндегі зерттелуі мәселесіне М. Әуезов, F. Мұсірепов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, М. Қаратайев, З. Кедрина, И. Қабылов, С. Сейфуллин, Ә. Тұрманжановтар ат салысып отырды. Олар казақ кеңес жазушыларының тілге шебер, өлеңге ұстасы да, алдынғы саптағысы да, көрнектісі де - Илияс деген бағытта баға берген.

1932 жылы Қазақстан пролетариат жазушыларының 1 съезі өтеді, онда Мұстафа Қайыпназарұлы «Қазақ әдебиетінің жайы мен кезектегі міндептері туралы» деген такырыпта баяндама жасайды. Баяндама «Әдебиет майданы» журналының 1932 жылғы №3 санына (26-

29 февраль) жарияланады. Илияска қатысты тұсы төмендегідей: «Д.Жансугұрұлы - жазушылық жағынан Сәкен, Бейімбеттермен қатар жазушы. Илияста көп қателіктер болды. Мұның қатесі өзгелерден ғері де басымырақ. Илияс бір кезде ұлтшыл алашорданы, мұратшылдықты жырлап жүрді. 1923-жылдары «Мен не көрем?», «Жарапазан» сияқты әңгімелерін жазды. Бастаң аяқ оқып отырсаныз, айтатыны бір сарын. Дүниеде көңіл сүйсінерлік жақсылық, игілік қалған жок. Бәрі қаранғы, бәрі бір түн. Ардақты әлемнің жақсылығы түннен көрі болжы дейді. «Мерген Бекен» әңгімесінде қиялшылдыққа, сарыуайымға жығылады, үмітсіздікке түседі.. Илияс 1925 жылдан бастап өзгелер сияқты алаштан іргесін айырып, кенеске қосыла бастады. Илияс - өсіп келе жатқан ақын...».

Қарап отырсақ, сынның беталысы киын. Дегенмен, ендігі жерде там-тұмда болса да он пікірлер айтыла бастады. Соның бірі - С.Мұқановтың «Социалды Қазакстан» газетінің 1933жылдың 5 маусымдағы нөміріне шыққан «Поэзия мәсесесі» мақаласы. Ол: «Лиляс «Даладан» кейін түр жағынан да, мазмұн жағынан да төмендеген жок», - деп он баға береді.

Ілияс поэмалары туралы ең алғашқы салмақты сөзді кеңес жазушылар ұйымының үйімдастыру комитетінің 1932 жылы желтоқсанда болған бірінші пленумында Ғабит Мусірепов айтты. «Дала» осы күнге дейінгі ұлылы-кішілі жазылған поэмаларымыздың алды»-деп, ерекше атап өтіп, Илияс Жансүгіровтің әдебиеттегі бағыты мен ұстанған позициясы туралы объективті көзқарас білдірген. Е.Бекенов 1933 жылы «Социалды Қазақстан» газетінде «Неге шабан өсеміз?» деген мақала жазып, онда Илиястың «Бактың әдісі», «Ташкендікке тарт», «Қуыршак» атты бірқатар сатириалық әнгімелеріне назар аударады.

І.Жансүгіровтің драмалық туындылары жайлы F. Мұсірепов «ҚазААП жана дәүірде» (1932ж.), О. Бекұлы «Қазақ театрының қыскы ойынға даярлығы» («Социалды Қазақстан» газеті, 23 сентябрь 1933ж.), «Қазақстан театр мен драматургиясының өсу белестері» («Қазақ әдебиет» газеті, 7 июль 1934ж.), М.Әуезов «Жақсы пьеса-сапалы әдебиет белгісі» («Социалистік Қазақстан» газеті, 28 апрель 1934 ж.) «Драматургияның бүтінгі жайы мен алдағы міндеттері» («Қазақ әдебиет» газеті, 7 июль 1934ж.), Илияс Қабылов «Қазақ әдебиетіне маркстік-лениндік сын керею» («Социалды Қазақстан» газеті, 15 август 1934 ж.), Р. Уәлиахметұлы «Семейдегі қазақ театры туралы» («Қазақ әдебиет» газеті, 13 октябрь 1934 ж.), Орынбек «Драмтеатрдың жайы» («Қазақ әдебиет» газеті, 13 октябрь 1934 ж.), Ақынжанов М. «Исатай-Махамбет» пьесасы. («Әдебиет майданы» журналы, №7. 8-37 бб. 1938ж.) деген мақалалар жариялады. М.Әуезов «Түрксіб» пьесасы жайлы: «Әзірге казак пьесаларының ішінде драма техникасын нық ескерген пьеса осы болар» - деп жазды. Бұл мақалалар Илиястың драматургік қырын сөз еткен алғашқы сындар еді.

Қайырқан Еркебайұлы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1934 жылдың 10 августегі нөміріне «Ілияс ағайға ашық хат» деген мақаласын бастырады. Макала Илиястың «Жаңа тұған» поэмасын сынауға арналған.

Қазақ поэзиясын түрі, мазмұны жағынан дамытудағы Илияс еңбегі Қазақстан жазушыларының 1934 жылғы I-съезінде ерекше атап өтеді. Съезде К. Жұмалиев: «Илиястың қазақ поэзиясына әкелген жаңалығы - жаңа өлең жазу тілі бар» - дей келіп, бірнеше басты ерекшеліктерін атап, құнды пікірлер айткан.

А.С.Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толуы қарсанында И.Жансүгіров «Евгений Онегин» романын аударады. Оған алғашқылардың бірі болып М. Әуезов «Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы» деген мақала жазады. Мақала 1936 жылы 6 январьда «Социалды Қазақстан» газетінде жарық көрді. Оған ілесе С. Жамагетовтың «Ақынға алғыс» («Социалистік Қазақстан» газеті, 6 январь 1937ж.), Телжан Шонановтың «Евгений Онегиннің» аудармалары туралы» («Социалистік Қазақстан» газеті, 8 февраль 1937ж.), Р. Жаманқұловтың «Пушкин шығармасы қазақ тілінде» («Қарағанды пролетариаты» газеті, 15 февраль 1937ж.) мақалалары жарияланды.

1936 жылдары жалпы қазақ әдебиетінің табыстары қорытындыланып, өзінің объективті бағасын ала бастаған кезең еді және Мәскеуде Қазақстан әдебиеті мен өнерінің он күндігі

өткен болатын. Мұның бәрі ақын-жазушыларға құлшыныс тудырып, жаңа шығармаларды өмірге әкелулеріне себеп болады. Ақынның «Құлагер» поэмасы – осы кезеңнің жемісі. Илияс «Құлагер» поэмасын «Социалды Қазақстан» газетінде шетінен жариялай бастайды.

Илияс Жансүгіров поэмалары бойынша сынның бастамасын «Қазак әдебиеті» газетінде (1936 жыл, 10 қантар) ұйымдастырылған айтыс ашты. Айтыс С.Мұқановтың «Илиястың поэзиясы туралы» деген мақаласымен басталды. С. Мұқанов: «Ақындық күштің көзінің көрініп, улға аларлыктай болған басты ақын, меніңше, Сәкен мен Илияс. Бұл екеуін казак совет поэзиясының классигі деуге аузымыз бара алады... Сәкеннің «Советстаны», Илиястың «Даласы», Бейімбеттің «Майданы» - белгілі дәуірдің көркем қорытындысы», - деп, жазды. Бұл жайында Есмағамбет Исмайлұлов: «Илияс Жансүгіровтің «Дала» атты лирикалық поэмасы халық басынан кешірген, бірнеше тарихи кезеңдер туралы сыр шертеді. Мұнда жазушы үлкен шеберлік көрсеткен», - десе, Мұхаметжан Қаратеев «Дала» поэмасын кейбір көркемдік композициялық кемдіктеріне қарамастан, жалпы поэзиямызда казак халқының ақындық шежіресі есебінде ірі бастама жасаған поэзиялық тарихи - философиялық ұзак салалы «шығарма дей аламыз», - деп бағалады. «Дала» поэмасына берілген бұл бағалардың қайсысы болмасын, шығарманың құндыштығына шек келтірмейді.

Сол жылдары жазылған К. Алтайскийдің «Жансүгіров тасып төгіш тұрған дарқан дарын, өз халқының тіл маржанын жүзіктің көзінен өткізген батыл, жаңашыл, ғажайып зергер еді. Ол ізденуді сүйетін, ізденісі жеміссіз болмайтын. Оның «Дала» поэмасы өз халқының тарихын ақын тілімен жырладап берген казак «Илиадасы» десе де болғандай» деген бағасы әділ бағалардың бірі болды. Есмағамбет Исмайлұлов «Сын поэзияны қалай тану керек?» деген мақаласында: «Құлагер» - осы күнге дейін болып келген поэмамыздың ең бір асыл, ең кесек казынасының бірі екені талассыз», - деп, әділ бағасын берді.

Қадыр Қуанышұлының мақаласында поэманиң нақтылы талдау талабы байқалады. Бірақ күйдің әлеуметтік мәні мен эстетикалық қасиетін жете түсінбеу салдарынан поэманиң жан-жакты зерттеп, дұрыс қорытынды шығара алмаған. «Қазак әдебиеті» газетінің 1936 жылғы 10 январьдағы санына К. Әбдіқадырұлының «Қүйшіні» түсіне біту керек», Ө. Тұрманжанұлының «Қүйшінің күйі туралы», Ө. Қоңыратбаевтың «Сын туралы бір-екі сөз» атты мақалалары жарияланған.

«Қүйші», «Дала» поэмалары бойынша айтыстың өз кемшиліктері болды. Айтыс науқаншылық сипатта болды, екіншіден, айтыс материалын жариялауға газеттің екі беті ғана берілді, сондықтан оған басқа сыншылар катыса алмады; үшіншіден, сыншылар Илияс поэмаларын көркемдік тұрғыдан талдауды назардан тыс қалдырды. Осы айтысқа катынасушы Құлмырза Өтеповтің мақаласы «Әдістегі кателік» деп аталады. К. Өтепов «Дала», «Қүйші» поэмаларындағы жазушының әдісі қате деген пікірді ұстанып, бұл поэмаларда реализмнен ғөрі символика басым деген теріс қорытындыға келеді.

Е. Ысмайылов «Әдебиеттегі формализм мен натурализмге қарсы» атты мақаласында («Социалды Қазақстан» газеті, 4 сәуір 1936 жыл) Илиястың «Қуат» деген туындысын «формализм сарынымен жазылған», - дейді. Ал 1936 жылғы 11 сәуірде осы мәселеге байланысты үлкен айтыс өткізілген. Баяндама жасаған Әзімбай Лекерұлы Илиястың «Жорық» поэмасын натурализмге жатқызды. Челюскин жорығын суреттейді. Ақын суреттейтін оқиғасына атусті қараған, өзінің айтатын оқиғасын жете зерттемеген, сейтіп социалды реализмнің шарттарын қолданбаған», - дейді. Р.Жаманқұлов: «Біздің 15-20 жыл жазушылық стажы бар Сейполлаұлы, Майлұұлы, Жансүгірұлы, Әуезұлы, Мұқанұлы сиякты ірі жазушыларымыз болса да кенестер одағының әдебиетіне казына боларлыктай кесек шығарма бере алған жоқ», - деп тиісті Илиястың «Жаңа тұған» шығармасын натурализм әдісімен жазылған деп есептеді.

1936-1937 жылдары газет-журнал беттерінде сыншы К. Зелинский, А. Селиванский, А. К. Алтайский, П. Магердің т. б мақалалары басылды. К. Зелинский «Қүйшіні» жоғары бағалайды және поэмадан астарлы, буркеншік сыр іздеудін, оған символиканы жабыстырудың кателігін атап көрсетеді.

